




Казак  
прозасы  
Казынасынан

Ғабит  
МҮСІРЕПОВ

# Үлпан

12006  
166345



RARITY  
  
PUBLISHING  
COMPANY Ltd








**Ғабит Мұсірепов**

# **Ұппан**

**Роман**

**Алматы  
«Раритет»  
2006**



SHEDDING LIGHT

HEAVY





Казак  
прозасы  
казыныңынан

Фабит  
МЫСИРЕПОВ

# Үлпан

Роман

Мемлекеттік мәдениет жөніндегі  
жылдың көзіндең белгілі шарыры

Абай

**ББК 84Қаз7-44  
М88**

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
бағдарламасы бойынша шығарылды**

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З. Серікқалиұлы*  
Көркем безендірмесі негізін салған *А. Тіленшиев*

**Мұсірепов Ф.**

**M88 Ұлпан:** Роман. — Алматы: Раритет, 2006. — 256 бет. —  
«Алтын қор» кітапханасы.

ISBN 9965-770-13-1

Қазақтың үзак ғасырлық үзын ырға тарихында көреген көсемдігімен де, айрықша алал адамгершілік ақыл-парасатымен де Халық анасы атанған, тіпті тұтас бір рулы елдің ұранына айналып кеткен әйелдер бар.

Ұсынылып отырган роман кейіпкері Ұлпан да сондай ұлы әжелеріміз санатынан. «Бес болыс елге» беделі жүріп тұрган Есеней биін көзі тірісінде оның өз тілегімен «осы күнгі Есеней» атанып, жұртына жерін түгел бөліп берген, қыскы үйлер салдырган, жер емшегін емуге үйреткен, мал-мұлқін карашыларға Қалдырмай үlestірген, медресе ашқан Ұлланды, қазіргі тілмен айтқанда, «реформатор» әйель деуге болады. Осы турғыда ол өз заманынан бұрын туып, арманда кеткен жарқын да кайтылы бейне тұлғасында көрінеді.

**ББК 84Қаз7-44**

**M 4702250201—07  
413(05)—06**

**ISBN 9965-770-13-1**

© «Раритет» БК, 2006  
© Безендірғен Б. Серікбай, 2006

## **ҒАБИТ ФИБРАТЫ** (Алғы сөз орнына)

\* \* \*

...Ғабиттің жазушылығының, тұтас алғанда, өзіне тән бірнеше өзгешеліктері бар: бірінші — бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайды; екінші — бойына сіңірген тақырыбын тез жазып тастауга асықпайды, сондықтан шыгармаларының шикісі аз болады; үшінші — жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе, игерген тақырыбын да жаза қоймайды; төртінші — шыгармасына оте ұқыпты, сондықтан хал-қадірі жеткение олты-солтысыз шыгарады; бесінші — тілге үнемшіл, сипаттан, суреттеп отырган оқиғасына жәрдемі жоқ, сөзді қолданбайды; алтынши — жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып, шешен сойлеуге тырысады; жетінші — адам портретін жасауга қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі.

Сәбит МҰҚАНОВ

\* \* \*

...Бір «Қыран жырының» өзі батпандаган баталы ойга, аталы ақылга, дуалы сөзге толы адамдық асыл қасиет пен шынайы адамгершілікті көксеген жыр екендігін дәлелдеп жатудың өзі артық! Немесе «Кездеспей кеткен бір бейнеде» Сәкен заманының гана шытырман да шыргалаңды шындығы суреттелген деп қана қарап отырудың өзі әбестік болар еді. Бұл шыгарманың өміршеңдігі бүгінгі күннің шындығына да, ертеңгі мен келер уақытқа да қатысты қауқарлы ойлар қалаудың тауып айтылуында...

Ғабенің «Өмір жорығы» атты философиялық ойга құрылған өңгімесі табиғат құдіретіне бас ию. гана емес, қазіргінің жалғасы, болашақтың тұтқасы жас үрпақты

дүниеге әкелуге сүйіспеншілік пен оған деген жауапкершілік, аналық, әкелік сезімдерді қастерлеу туралы сыр десе де болғандай...

*F.Мұсірепов* сынды сегіз қырлы суреткер — XX гасырдағы қазақ көркемдік ойының даму тарихындағы айрықша құбылыс, қайталаңбас тарихи құбылыс. Сондықтан да ендігі жерде *G.Мұсіреповтің* қазақ тарихындағы тұрпаты бөлек тұлғасын гана мақтанды етіп қоймай, *Мұсіреповтің* рухани мәдениетіміздің дамуындағы тарихи тағылымы дегенді де алғы шарт ретінде қоса айтатын боламыз... Біз *Мұсіреповті* тану арқылы өзімізді өзіміз танитындығымызды да атап айтқан жөн. Оның себебі *F.Мұсірепов* өткенді бүгінгіге көркемдік тұрғыдан танытушы, яғни кешегі арқылы бүгінгіге бізді ойландыруыш гана емес, және бүгінгі арқылы болашақта да ой козгаушы екендігінде.

Сағат ӘШІМБАЕВ

\* \* \*

*Мұсіреповтің* пьесалары, романдары, әңгімелері әдебиетіміздің үлкен жанрлары — проза мен драматургияның санын гана толықтырып тұрған жоқ, сол жанрларды, өрісін кеңітіп, жаңа белеске көтеріп тұр... *Мұсірепов* жас әдебиет тіліміздің қалыптасуына, дамуына үлкен еңбек сіңірді. Ол өзіндік стильтың қоса қоймай, халықтың бай тілінің негізінен биік мәдениетті әдеби тіл жасауда, тіл образдарының жасырын сырын ашып, көркем бейне жасауда, яғни тіл құрамын шебер пайдалана білуде қазақ жазушыларына елеулі әсер етті. Ғабит тілі техникалық жағынан гана бай емес, сонымен бірге бояу, сурет, бейне, ой жағынан да әсерлі, бай.

Тахауи АХТАНОВ

\* \* \*

Ол ана тілінің таза болуына, сөздердің өз орнына қалаңып, дұрыс қолданылуына, қорының молая беруіне назар аударатын. Ол өзінің соңғы бір баяндамасын тіл мәселесіне арнаган еді. Тіл болмаса, халық болмайтынын жас үрпақтың жадына мықтап құйған еді... Ол керемет стилист еді. «Стиль — адам» дейтін болсақ, оның стилінен өзінің сұлу жаны жарқырап, нұрын шашып тұрғандай.

Сырбай МӘУЛЕНОВ

# РОМАН

«Өйел тұрмай, еркек оянбайды».  
Қазақ мәтөлі.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### I

Есенейдің төрт қос жылқысы Қаршығалы шұбарына жақындап келіп, қапталдай төніп қалып еді. Тақырланып қалған жазғы жайлаудан келе жатқан жылқы қарауытқан қалың орманды, өзекті-шілікті өнірге тұяғы тиген сон-ақ, үстарадай өткір тістерін жерге қадай бастады.

Қазақ байлығы жылқысында. Қысқа қарай жылқы малын ықтасыны бар кара отты шұбарға жақын үстамасаң — «Байлық — бір жұттық, батыр — бір оқтық». кейде тақыр-таза жаяу да қаласын. Жаяу қалған адам несімен адам?.. Несімен қазақ?..

Есеней қазір қаптап-қапталдап, жер түгін тістелей жылжып келе жатқан байлығының алдында едәүір жерле, биіктеу жотанын қырқасында ат үстінде тұр. Көз жетпес кекжиекке дейін созылып-керіліп жатқан кен алқап шын-ақ мақтағандай екен. Жота-жота қалың ормандар. Озекті-шілікті, тұяқ тимеген кара отты кен шиыр. Ат шашасынан аз-ақ асатын алғашқы жауған ақша қар жердін шебін өлі жасыра алмапты. Сондай жерге ертерек келіп, ірге тепкеніне байдың көңілі өбден тояттағандай.

Есенейдің қасында төрт адам жолдастары бар елі: ең сенімді серігі — жамағайын «турікпен» Мұсіреп. Алдай елінен аңшы Мұсіреп, руы басқа болса да, Есенейдің қоныстыасы Бекентай батыр және Есенейдің косалқы атын жетелеп жүретін жас жігіт, түрікпен Мұсірептің туган інісі Кенжетай.

«Тұрікпен» Мұсіреп аздал сыбызығы тартады. «Бозінген», «Бозмұнай», «Сүйір батыр», «Алқакөл», «Алғашқым» деген күйлері бар. Одан соңғы құмары — бір жақсы ат, қонымды киім, серілеу адам. Қалталарында қалампир жүреді... Әлі ақ кірмеген сақал-мұртын жарасымды қырқып үстайды.

Алдай Мұсіреп — аңшы адам. Балдаққа сүйеген он қолында «тұлкі перісі» атанған томағалы қара бүркіт, арқасында жалғыз оқ, ширақты шиті мылтық. Азырақ асыға сөйлейтін, азырақ асыра сөйлейтін адам.

Күн кешкіре келе бұлыңғырланып тұр еді, ұзамай қар қапалақтай бастады. Есеней алыстан көз тігіп келіп тоқтаған жерін мактап-мақұлдағанын құткендей жолдастарына қарады.

Осынау кең қорықты Есенейдің есіне алғаш салған аңшы Мұсіреп еді. Сонысын тағы бір ескертіп қалғысы келіп, Есенейге қарай еңсеріле бұрылып:

— Аға сұлтан пірім-ау! Айтпап па едім? Қысқа қарай жылқы баласына бұдан артық жер болмайды, иесіз жатқан жер! Бір қыс жайладың болды, аға сұлтанның шұбары атанағы да, балаңның баласына дейін кете барады! — деді.

Есеней оның сезін аяқтатпай, екінші Мұсірепке қарады. Осы бір «аға сұлтан», «балаңның баласына» деген сөздер Есенейге шаншудай қадалатынын ақ көңіл аңшы андамай-ақ қойды. Аға сұлтан болғысы келіп бола алмай қалған адамға, екі ұлы бір күнде өліп, содан бері жиырма жыл бойында әйелі бала көтермей қойған адамға жаңағы сөздер мазақтаумен, қорлаумен тең екенін жарамсақ аңшы түсінбесе керек. Атак құмар, лакап құмардың сезін қайталаій береді.

Откен қыс аңшылықта кездесіп қалып, Есенейге екі тұлкі, үш бірдей қара қылышық күзен байлап еді, сонысын арқаланып, кимелеп сөйлейді. Биыл, міне, жер қарадан қасына еріп, Есенейдің қасқыр алатын арабы иттерін баптап жүр. Өзі де аң құмар Есеней оның бетін біржола қайтарып тастантын қатты сөз айтпай келеді. Қолын азғана сермен тоқтатып тастанды, бар болғаны сол-ақ...

— Жазы-күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені көрініп-ақ тұр. Бірақ осы күні иесіз жер бар ма, бір иесі бар шығар, — деп «тұрікпен» Мұсіреп аз кідіріп қалып еді, аңшы Мұсіреп тағы киіп кетті:

— Жок, жок! Иесіз демедім бе. Бұл өнірде мен білмейтін жер бар ма, тәнірі! Қасқыры мен тұлкісінің ен-таңбасына дейін білемін. Құдай біледі деп айтайын, «Қаршығалыда» үш мың қасқыр, бес мың тұлкі, он екі мың күзен, жеті мың қоян бар!..

«Тұрікпен» Мұсіреп адасына қарап қағытып қалды:

— Ақ құр, кара құрларын санамаған екенсіз, Мұсеке!

— Үш мың қасқыры болса, менің жылқымды бір қыста жеп тауыспас па еken? — деп Есеней де қалжындалы.

Кенжетай ағасына қарап, ну орманның орта тұсын көзімен нұсқады. Мұсіреп інісінің нұсқаған жағына қарал:

— Сонау қалынның орта тұсында үш жерден тұтін көріне ме деймін, — деді Есенейге бұрылып. — Әне бір салт аттылар да көрінді.

Үш салт атты қатты жүріп келеді. Біреуі алдарап, екеуі кейінірек. Алдыңғының аты не жорға, не қу тірсек желісті болу керек. Кейінгі екеуі ара-тұра шауып алып ілесіп келеді.

Алдыңғы жігіт ағызған бойы жотаның қырқасында тұрган топтың алдына жақындал келіп, сөйлеп кетті:

— Армысыздар, ағалар!.. Қаршығалы шұбарын пана-лап қонып қалған үш ауыл кірме Құрлеуіттің арызын айта келдік... Биыл қыс осында жан сақтаймыз ба деп жаз бойы қорып келген жеріміз еді. Жетісіп отырған ел емеспіз... Сорлының зары арлыға кездескей деп жіберіп еді... айттар арызымызға құлак ассаңыздар еken...

Аңшы Мұсіреп Есенейге жарамсақтанып, жігіттің арызын аяқтатпай киіп кетті:

— Тоқта деген соң, сүйрендемей, тоқта, бала! Аулына сәлем айт: Есеней аға сұлтанның ат тұмсығын тіреген жеріне таласып өуре болмасын! — деді.

Жігіт те іркілген жок:

— Есенейі жок елді де ел еken, жұрт еken десеніздер, қара өрттей қаптап келе жатқан жылқысының бетін кейін бұрсаңыздар еken. Осы арызымыз...

— Мына көргенсіз кімнің атын атап тұр өзі! Құйрығынды түріп тастап, дүрелеп алсын деп тұрмысың? — деп аныайы аңшы атын тебініп-тебініп қалды. Есеней қолын сермен тоқтатағанда, әлденеге ұрынып қалатын жайы бар.

Жас жігіт бұл жолы сөз қайтарған жок. Басын төмен иіп, арызына жауап күтіп қалды.

Осындаі өжет жастарды Есеней қатты үннататын еді. Жиырмaga келмеген бала жігіттің сөзінде нәр де, зәр де бар екен. Осылай өсірермін деп үміт еткен екі ұлы кара шешектен бір күнде қайтыс болғалы осындаі үйтты жасқа қызыға қарап қалушы еді. Өзімен рулас он ауыл Сибанның ішінде үміт етер өреннің бәрін де сыртынан бақылай жүретін. Бала жігітке қызыға тұрып, «тұрікпен» Мұсірепке қарады — жылы жауап бер дегендей еді.

«Тұрікпен» Мұсіреп жас жігіттің сөз салтауынан ашынғандық лебін өзі де танып тұрған. «Кірме Құрлеуіт» дегендіне қарағанда, арыз айта жіберіп отырған қай бір бай ауыл дейсін. Сөз білер ақсакалы да болмаған-ау.

— Шырағым, арызың аяқсыз қалмас, — деді ол, — аяқсыз қалдыратын арыз сиякты емес. Ауылдарыңа осыны айта баарсын. «Тұсі иғіден тұнілме» дегендей, көргенсіз деуге ішім қимай тұр. Әттең, ашынғандықтан болса да, азды-көпті асқақтай сөйлегенің де болды. Ауылыңа мұны да айта баарсын.

Бала жігіт бұл жолы да тез жауап қайырды:

— Арызымызды айтып кел деген жүрт асқақтай сейле деп тапсырған жоқ еді, ағалар. Солай болып шықса, айып өзімде. «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар» деген бар ғой. Міне айыбым! — деп атынан түсе қалып, ұзын шылбырын Кенжетайға қарай серпіп жіберді. — Эйтеуір, ат жетелеп жүр екенсін, мынаны да жетелей жүр.

Содан соң екі жолдасының бірін түсіріп, соның атына мініп алды да, жөнеле берді.

— Кешіре көрініздер, ағалар...

Жолдастары бір атқа мінгесіп кетті.

Есеней ұзай берген бала жігітке ұзак қарап қалды. Бір сөтке баласыздығы бойын билеп, бар ойы сол бала жігіттің сонынан кетіп бара жатқандай еді.

— Қап, құйрығын түріп жіберіп, дүрелеп алу керек еді өзін! — деді аншы Мұсіреп, қайта қызына бастап. «Құйрығын түріп» дегенді тауып айттым деп тағы қайталады.

— Апыр-ау, бұл кімнің қызы болды екен! — деп «тұрікпен» Мұсіреп Есенейге қарады.

— Қыз? — Құні бойы Есенейдің аузынан шыққан скінші сөзі осы еді.

— Ие, қыз!.. «Міне айыбым!» дегенде, көз құйрығымен өзінді бір шарпып өткенде неғып байқамадың? Шар-

пып емес-ау, көз киығын серпе тастап қарайтыны бар екен де!..

— Ай, түрікпен-ай, жер ортаға жақындағ қалсаң, қызы-келіншек дегенде қырағысың-ау! — деді Есеней. Але екені белгісіз, мақтағандай еді.

Аңшы Мұсіреп шошып кетті.

— Қыз болса, мені Құдай үрды төбемнен! — деді. — Мен масқара болдым. Бұл — Артықбай батырдың қызы Ұлпан. Үйіне қонып кеткеніме ай толған жок. Ең болмаса, қара жорғасын танымай қалғанымды қарашы! Бір күн қасыма еріп жүріп, екі қаз байланып еді! Қарағым-ай, енді сенің бетіңе қалай қарармын! — Аңғал аңшы күйіп-пісіп, шошалактады да қалды.

— Дүре соққын келмеп пе еді? Бетіне қарамай-ақ соға бересің де! — деп, өзі сасқалактап қалған аңшыны «түрікпен» Мұсіреп біржола өлтіре салды.

— Артықбай батырдың қызы деймісін? — деді Есеней.

— Ойбай, аға сұлтан пірім-ау! Соның қызы Ұлпан. Мінер жақ артқы ақ бақай, мандайында төбелі ба... су төгілмейтін қара жорға түр ғой, міне!..

Қыздың бір-ақ рет көз киығын Есенейге серпе тастап қарағанын «түрікпен» Мұсірептен басқа ешкім андамай қалған екен. Кешкірген бұлыңғыр күн, капалактаған қар... арыз айтуға қыз келер деп кім ойлаған! Келген бетінде кие сөйлеп, бәрінің көңілін сөзіне аударып әкеткен Ұлпан қыз екендігін андатпауга тырысып еді. Солай бола тұрса да, қыздың аты қыз ғой, атақты батыр, аты шулы әділ би атанған Есенейге қыз көзімен бір қарап қалғанын өзі де сезбекен.

Қыр жайлаулардан құлап келе жатқан Есенейдің жыл-қысы екенін ауылы біліп отырған. Қалың қара шұға жал-бағай бет-аузын жауып кеткенімен, атандай қаракер аттың үстіндегі зор денелі адамның Есеней екенін Ұлпан да ішінен таныған. Бес жасар кезінде көргені де, корктыны да есіне түскен. Бірақ өзін танытпай кетті.

Есеней тобы аңырып қалды. Не істеу керек? Қара жорғаны қыздың айыбы деп қалай алып қалар? Сұнғыла қыз бұларға бір үяларлық үпай салып кетті емес пе! Ие, «Малым — жаным садағасы, жаным — арым садағасы» дейтін елдің нақылын еске алсаң, лайықты жұмыс болмайды. Есеней жолдастарына қарады -- «не істеу керек?».

— Артықбай батырға тізе көрсөткендей болып келгеніміздің өзі қандай айып! Қызының атын айыпқа алып қалғанымыз — екінші айып. Арыз айта келген қыздың атын айыпқа алып қалғанымыз айып біткеннің ішінде ел естімегені болар! — деп «түрікпен» Мұсіреп Есенейдің кара шешектен қара шұбар болып қалған бетіне тұра қарады.

Есеней өмірінде айып тартып көрмеген адам, айыппазасы болған адамдарға қatal жаза кесуді жақтайтын би еді. Болмашаңдан сүрінгеніне әрі құлкісі келеді, әрі шешімін таба алмай тұрганы анық. Артықбай — оны бір рет намыс өлімінен айырып алған, екінші рет өлімнің өзінен айырып алған көрі жолдасы, батыр адам.

— Қара жорғаның мойнына ат қосақтап қайтарған дұрыс болар! — деді «түрікпен» Мұсіреп.

— Айналайын адасым-ай, таптың, таптың! Менің көрі бозымды бірге қосақтап жібер! — деді ақ көңіл аңшы.

Есеней «жөнел!» деген бұйрығын Кенжетайға иегімен нұскады.

— Артекене сәлем айт, ертең сәлем беріп қайтармын!

Өзі жетелеп жүрген Есенейдің Мұзбел дейтін торы төбел атын қара жорғамен бірге жетелеп алып, Кенжетай жөнеліп кетті.

Есеней жолдастарына ендігі байламын айтты:

— Осы жоннан әрі бір жылқы түяқ салмасын! Сәдірдің қосынан басқа қостардың екеуін Құсмұрынға қарай, төртінші қости өзіміздің Ақкусак, Қарағемен, Еламан көліне қарай аударындар. Сәдірдің қосы осы маңда қала тұрсын. Екі адас, менімен қаларсындар, Бекентай, сен Құсмұрын қосымен кетерсін...

Серіктері Есенейдің бұйрығын орындауға тарасып кетті, Есеней өз қосын тіктіруге көлге қарай жалғыз бұрылды.

«Бұдан он жыл бұрын жер астындағының дыбысы елден бұрын маған жетуші еді, Артықбай батырға ұрынып қалғаным қартая бастағаным-ау! — деп ойлады Есеней. — Әлде қадірім түсе бастағаны ма еken? Аңшының көпіртпесіне еріп кете бергенім қалай? Бұрын ғой ондайды өзім анықтатып алушы едім!».

Жаңағы аз оқиға Есенейдің көз алдына бұдан он бес жыл бұрын өткен оқиғаларды әкелді. Артықбай батырдың ерекше бір ерліктерін еске түсірді. Ол бейбіт елді

қайта-қайта шауып, қайта-қайта талан-таражға салған  
Кенесары төрөнің ланы болатын.

Кенесары орыс шекарасынан шеткей отырган Керей —  
Уақ елдерін екі рет шауып әкетті.

— Кенесарыны хан сайлауға риза болса, ақ сақал, қара  
сақал билері тез жетсін! — деп шапқыншы жібереді де,  
үш күн ішінде хабар болмаса, шауып әкетеді. Жылқыға  
құмар, қыз-келіншекке құмар.

Тобыл, Бағлан, Стап, Кпитан қалаларына жақын отырған  
бес болыс Керей — Уақтың шетірек отыратындарын  
өлденеше рет шауып әкетті. Бұл рулардың Сарыарқаға  
қарай шетірек отыратындары болғанымен, қалың көп-  
шілігі орыс қалаларына шектес отыратыны жан сактап  
келіп еді.

Аманқарағай дуанына қарайтын көп рулы елдердің  
өміріне базар кірген, шай, қант, нан, орамал, сабын, сиса,  
барқыт, жібек, былғары кірген. Бұдан жиырма жыл бұрын  
хандық жойылғаннан кейін, жаугершілік саябырлап, бейбіт  
өмірдің іргесі бекіне бастаған еді. Соның бәрін ұмытып,  
Кенесарыны хан сайлауға бұл елдер көнбей қойды: ша-  
былып жатыр, қыз-келіншектері қорланып жатыр, көнбей  
жатыр.

Есеней бірдеме білсе, Кенесары «сідік-масы» ақылсыз  
адам болып шықты. Қазақ хандығы дегеннің шек-шенбері  
де жоқ, бұлжымай тұрап заны да жоқ. Біреуі хан сайланса,  
хан Шыңғыстың барлық үрпағы елді ру-руға бөліп алып  
билеп, ойына келгенін істей беретін. Тоймайтын да, қой-  
майтын да. Енді сол заманды Кенесары қайта орнатпақ-  
шы! Ол заманнан бұл ел біржола безініп болған. Ман-  
дайы тайқылау, төбесі шошақтау көрініп еді, Кенесары  
акылды адам болмай шықты.

Қазақ жерінің батысынан бастап, шығысина дейін  
жетіп, енді онтүстігіна иек артып қалған орыс қалалары  
бар. Орал, Орынбор, Тобыл, Тұмен, Қызылжар, Омбы,  
Ірбіт — үлкен шаһарлар. Ол қалалардың ішкі бетін астар-  
лап казак-орыс станицалары орнап қалды. Соңда Кенесары  
хандығын қай жерге орнатпақшы! Бетпақдалаға ма?  
Оған ерген ел өзінен өзі «Ақтабан шұбырынды» болмасқа  
не амалы болмак? Бұдан екі-үш жыл бұрын Кенесарыға  
ерген елдердің қазір қашып жатқандары бар. Мұны да  
түсінбесе, Кенесары шын ақымақ екен!

Отаршыл патшалықтың алары да аз емес, орыс қала-  
ларынан сенін аларың да аз емес. Ханның қазанына түсіп  
кеткеннің сенін аузыңа көбігі де тимейді, сүйегі де тимейді.

Осыны ойлаған елдер тыныштығын шайқап Кенесары  
дүрбеленіне ермей, касарысып қалды. Осыны ойлаған  
Енесей Кенесарыға қарсылық туын көтерді. Керей — Уақ  
деп аталағын бес болыс ел Есенейдің айналасына жинала  
берді, жинала берді.

## II

Қазақ соғыстарында жарапану көп те, өлім аз болады.  
Садақ оғы көбінese алыстан атылады да әлсіз тиеді, әлсіз  
жарапайды. Сойыл-шоқпары бар адам найзаны да оп-онай  
қағып қалып, ортасынан үзіп жібере алады. Найзасы сын-  
ған адам құр қол адаммен бірдей. Қылыш деген, қарама-  
қарсы қасарысып қылыштасу деген қазақ соғыстарының  
салтына кірмеген. Үш жылға созылған Есеней мен Кене-  
сары колының соғысында әлі үш жұз адам өлген жок.  
Жарапанып, катардан шығып қалған мүгедектер екі үйдің  
бірінде бар.

Қазір Кенесары қалың қолын Керей — Уақтың өкіле  
түсіна, Есіл бойына топтап, Есенейге қарсы үлкен жо-  
рыққа әзірленіп жатқаны байқалған. Есеней де бес болыс  
елдін ер-азаматын қарама-қарсы топтап, жайлау көлдеріне  
орнады. Содан кейін жинаған қолын әр елдің батырлары-  
на, сенімді ақсақалдарына тапсырып, өзі қасына қырық  
адам ертіп, дуанбасы аға сұлтан Шыңғыска тағы бір жо-  
лығып кайтуға жүріп кетті.

Аманқарағай дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәли-  
ханов деген төре еді. Ол адам Кенесары қозғалысына  
косылған да жок, карсылық та көрсетпей келеді. Шабы-  
лып жатқан елі бар, Кенесарыға кетіп жатқан елі бар,  
аға сұлтан мұның екеуіне де дәрменсіздің енжарлығын  
көрсетіп, ордасында тыныш жата берді. Үш жылға со-  
зылған талан-таражға селт еткен емес. Қысқа қарай қы-  
рық семіз соғым, жазға қарай қырық сауын бие, жұз бой-  
дақ қой жинатып алады да, соны беріп отырған ел ша-  
бындыға ұшырап жатқанда үн шығармайды. Аға сұлтаны-  
ның екі оқты мінезі басқарып отырған елінің ішине іріткі  
салып та болды. Есеней аға сұлтанмен арасын біржола  
ашып алуға кетіп еді.

Есеней — аға сұлтан кеңесінің ең беделді биі. Әділ де қатал би атанған адам. Ұзак ойланады, байламын бір-ак кесіп айтады. Ұры-қарыға, шылық-былыққа қатал адам. Қасында қарулы қырық жігіті бар, дуан орталығына келді. Аға сұлтан ордасына сенімді серігі «түрікпен» Мұсіреппен бірге Артықбай, Сәдір дейтін екі батырын ала кірді.

Шынғыс Есенейге тұра келіп амандасты:

— Есеке, қош келіпсіз. Төрлетініз...

Бет-аузына кісі тұра қарай алмайтын кара шұбар, орта бойлы адам, қеудесінен ғана келетін Есенейге аға сұлтан әрі таңдана, әрі қауіптене қарайтын еді.

— Өз орнынызға, өз орнынызға! — деп өз қасынан орын нұскап, абыржып қалды.

Төрде отырған Кенесарының елшісі, Тілеуімбет би мен Жанай батыр, тағы бірнеше адам — бәрі де тұра келіп амандасты.

Есеней төрде отырып қалған Тілеуімбет биді төмен ығыстырып, әдеттегі өз орнына, Шынғыстың оң жағынан жақын таяна отырды. Отыра бергенде тізесі Тілеуімбет бидін санына тиіп кетіп еді, ол ыршып кетіп, Жанай батырға соғылды.

— Жол болсын, Есеке!.. Дуан мәжілісінен бір ай бұрын келіп қалыпсыз, тыныштық па, әйтеуір?

— Тыныштық болса, келетін бе едім, тәңірі! Жын үрган бауырың қол астындағы елді күнде шауып, дамыл беріп стыр ма! — деді Есеней. Әдейі Тілеуімбетке тигізе де қадай айтты.

— Керей — Уақтың ішінде Есекең барда сырттан ешкім бата алмас деп, біз мұнда тыныш жата беріп едік... — деп Шынғыс сөз аяғын іркіп тоқтады.

— Сол Керей — Уағын ат үстінде үйіктайтын болғалы үш жылға айналды. Ол сенің біліп отырған жайларың... — деді Есеней, енді Шынғыстың өзіне тұра қадалып.

— О, Есекем ширығып келген екен... Есекем ширығын келсе, мен қашанғы әдеттім бойынша аузымды аша алмаїмын, — деп Шынғыс кеңкілдеген болып өтірік құлді. — Шамдана сөйлеспей, шыдаса тұрайтық деуге де аузым барар емес.

Созылар сөздің үзіле бастағанын сезіне қойған Тілеуімбет би сөйлеп кетті. Сөзшең екен. Орағытып, оспактан, мақалдалап, мәтелдеп шыргалап келіп, аяғында шамданын, құш көрсетіп қалды.

— Қазақ қазақ болғалы,  
Өз алдына ел болып,  
Оңаша бір қонғалы,  
Хандығынан айрылса,  
Ел болудан қалғаны.  
Қара саба тай жүзген,  
Бұхарадан келген тай қазан,  
Бәрі адыра болғаны.  
Қара наңға құл болып,  
Ханына тіл тигізген,  
Мейлі би, мейлі құл болсын,  
Тартатын бір сазайын,  
Көрген емен онғаны!

Тілеуімбет осылай айбар шегіп тоқтады. Есеней оған жауап бергісі келмей, Мұсірепке иек қақты.

— Отағасы, сіз қашанғы хандықты, қай хандықты айтып отырсыз? Осы отырған аға сұлтанымыздың әкесі Уәлихан қайтыс болғалы жиырма жылдан асып кетті. Содан бері Сібірге қарайтын алты дуан қазақтың ханы барын естіген де, білген де емеспіз. Кенесарыны одан-бұдан қосылған саяқтар ханымыз десе, онда біздің жұмысымыз жоқ, дей берсін. Бірақ мені хан сайламасаң, шауып алам деп отырған бұзақыны есі бар ел хан сайламайтын болар. Сіз біздің елге екі рет келіп, осы тақпағынызды екі рет айттыңыз. Сонда біздің бес болыс Керей — Уақ қандай жауап қайтарды? Есінізде болар?

Тілеуімбет би «түрікпен» Мұсірептің бір сезін естігісі келмей, көзін жұмып алғып, басын тәмен салып түнжырап қалды. Кенесарының биіне орыс қойған дуан биінің өзі жауап бермей, қасындағы атқосшы «түрікпеніне» жауап қайтартқаны қатты қорлау еді.

Тілеуімбеттің менсінбегені Мұсірепке де батып кеткен екен, сондықтан ол сез аяғында бидің өзін түйрей кетті.

— Бірінші келгеніңізде аман кетіп едіңіз... Екінші келгеніңізде қалай болдыңыз? — деп Мұсіреп аз ғана кілірді де, Есенейдің қабак түйіп қалғанына қарамай, — астыңызыдағы атыңыздан айрылып қайтқансыз! — деді.

Кенесарының Керей — Уақ елдеріне екінші рет жіберген елшісі Тілеуімбет би сол жолы үлкен үятқа ұшырап қайтқаны рас болатын. «Айыр көмей, жez таңдай» атанған би мақал-мәтелдерімен жүртты үйитып әкетіп еді. Бес болыс Керей — Уақтың арасына үлкен толқу кіріп, ой-

дан гөрі сөз шешендігіне бастарын шұлғи бастаған-ды. Ол шешендік бидің өз сөзі емес, өңі айналған ел қазынасы екенін қараңғы жүрт аңдай алмай қалған.

— Пай-пай, айтты-ау! Ел қамын жеген Едіге осындағы болар! — деген дауыстар шыға бергенде, Тілеуімбет:

— Ұғынсан ғолды, жұрттым! — деп шалқая берген.

Тап осы тұста қалың топтың ортасында отырған Есеней бидің алдына бір бурыл сакал адам келіп тізе бүтіп еді:

— Әділ би деп алдыңа жүгінуге келдім, Есеней. Арызымды тында! Осы әулиесіп отырған Тілеуімбет бидің мініп жүрген сарыала жорғасы кімдікі екен? Соны біліп беріңізші! — деген.

— Өзінікі болад та! — деген Есеней. — Тілеуімбет би біреудің атын мініп жүр деймісің?

— Есеней би, құрып қойған қақпаның бар екен ғой! — деген Тілеуімбет ашу шақырып.

— Жок, Есеней би, алты дуанға атағы жайылған сарыала жорға менікі. Осы кісі бас болып келіп, екі жеті өтті, сарыаланың тұқымын түгел айдал әкетті. Содан кейін өзім кеше көшіп келіп, Клитан аузына тоқырадым.

Жана ғана Тілеуімбетке бас иіп қалған жүрт енді оның теріскей жағына шығып кетті.

— Ұят-ай, ұят-ай!

— Бұдан да өлген артық қой!

— Сен өзің кімсің? — деп сұрады Есеней.

— Біреудің даңқы атымен шығады, біреудің даңқы итімен! Атығай — Қарауыл Сауытбектің аты сарыала итімен шықса, мен сарыала жорғасымен аты шықкан қойлы Атығайдың бір жаман шалымын.

— Онда сен Жаманбала болдың ғой?

— Болсақ, болармыз.

— Ал биеке, төрелігін өзіңіз айтыныз! — деді Есеней Тілеуімбет биге.

— Қырық қамшы дүре!

— Кімге?

— Би үстінен шағым айтушыға болад та!

Есеней аз аялдап отырды да:

— Ат сенікі! — деді Жаманбалаға.

Мұсіреп Тілеуімбетке осыны ескертіп, қытықтал алды да тоқтады. Тілеуімбет сол қатып қалған бойы қатты да қалды.

Есеней сөзін Шыңғысқа бұрыла қарап отырып бастады:

— Ашына келсем, себебім болды, аға сұлтан. Онымды ауыр алма! Тай жүздеген қара саба, тай қазан дегендер ендігі заманда бос сөздер. Нанмен ойнамайык. Нан әр казақтың күн көрісіне айналды. Қара сабасы бар, тай қазаны бар хандар қай қазақты асырап еді? Ханның қазанын да, сабасын да қара қазак толтырып отыратын. Қазір де солай. Қалқайтып хан сайлаған хандығын қай жерге құр-мақ? Бетпақтың шөліне ме? Бұдан екі-үш жыл бұрын Кенесарыны хан сайлаймыз деп даурықкан елдер қазір шұбырып мекеніне қайтып жатыр. Мен бірдеме білсем, Кенесары алты дуанға хан болмақ түгіл, өз еліне сыйыса алмай, далаң Сарыарқаға қарай қашқалы отыр. Енді ол қашқын! — деп токтады.

Шыңғыстың өз ойы да осыған жақын еді. Наполеонды жеңіп, Батыс мемлекеттерінің тәқаппарлығын басып қайтқан орыс құралына қарсы аттануға қазір қандай ұлы мемлекеттің болса да батылды бармайды. Ондай күш қазір дүние жүзінде жоқ! Түптеп келгенде, Кенесары елді біраз арандатады да, тас-талқанға ұшырап тынады. Дегенмен, Үш жүздің болыс-бilerі бас қосып, Кенесарыны хан сайласа, мүмкін, қазақтың елдігін таныған патша үкіметі қысымын бәсендетер ме еді, әлде қайтер еді? Бірақ хандық деген өмірлік тіршілік бола алмайды. Аға сұлтан мұны жақсы біледі. Шабын-шапқыдан азар болған ызалы ел «Көп болса, Кенесары жүзге келер!» дегенді таратып жіберген. Қалын бұқара одан біржолата безінуге жақын. Мына отырған ақылды қара шұбар осының бәрін әбден түсініп, хан түқымдас аға сұлтанның бетіне тұра айтып отыр. Не елемен бол, не туысқанынды жақтап шық, бетінді аш дегелі келген ғой.

Патшалық тәртіп бойынша аға сұлтан болып отырған адам бірінші болып Кенесарыға қарсы аттануы керек еді. Оған қалай баар? Тілеуімбет би қол жинап келіп, Кенесарыға қосыл деп салмақ салады. Бұған қалай баар?

Есеней тағы сөйлеп кетті:

— Кенесары Керей — Ұақтың дәл өкпе тұсына мындаған сарбазын төгіп, ертең-бүгін шабуылдайын деп отыр. Біз де қарап отырғанымыз жоқ. Тегінде, осы жолы бір жағымыз ағалап тынатын болармыз. Әдейі соны хабарлайын деп келдім...

Сөз арасында аз ғана кідірісті пайдаланып, Тілеуімбет би Есенейге қарап:

— Аманқарағай дуанының төбе би! Есеней орыстың қоржыншысы болыпты дегенді естігенде қуанарымызды да, ұяларымызды да білмедік... қалай да өзіңе лайық болса, бізге сол болады. Қайырлы болсын! — деп бүйідей шағып алды.

Есеней бөгелген жок.

— Есенейдің ескі қоржынына Кенесарының екі жұз жауынгері сыйып кеткен соң, қоржыныма әбден ырзамын, — деді ол. — Атығай — Қарауылдың дардай би едіңіз, Кенесарының поштабайы болып далақтап жүргенің өзіңізге де қайырлы болсын...

Шарпысып, серпісіп қалды да, екеуі де тоқтады. Үш жылға созылып бара жатқан айқастарда Есеней Кенесарының екі жұздей адамын тұтқындал алып, Стапқа тапсырған. Сонысы үшін хорунжий деген атақ алған. Тілеуімбет би аға сұлтан сайлауында бұрынғы би атағынан айрылып қалып, қазір Кенесарының «андада бар, мында барында» жүр. Екі бидің алма-кезек кекетісіп қалғандары осы жайлар еді.

Шыңғыс қатты қысылып қалды. Түптеп келгенде, Есенейдің не айтарын Шыңғыс ертеден сезінетін. Бұл жолғысы не қосыл, не бөлін, бойынды көрсет дегені еді. Ертең өзі басқарып отырған дуанының қак жартысындай қалың бір жері шабылып қалса, Есеней ол жайды Сібір губернаторына шағым етпей қалар ма? Қазір жұқалап андатып отырса, губернаторға тұрасынан басады. Омбыда алты дуан үстінен бақылайтын Тұрлыбек отыр. Ол Есенейдің туысқаны, қарын бөлесі. Шағымның бірінші жолдары «шабуыл алдында аға сұлтанға өзім барып хабарлап едім, құлақ аспады» деген сөздерден басталатын болады да... Жауығып алған екі жақтың менің алдымда кездесіп қалғанын қайтерсің. Осы бір қолма-қол жанжалға айналуға бет алған кездесуді ебін тауып ыдыратып жіберетін не шара табылар екен?

Осы тұста неміс пе, швед пе, ел қазағы Берсен деп кеткен шикіл-сары майор Бергсен келіп:

— Аға сұлтан мырза, ат ойындары өзірленді. Мергендер де өзір. Қабыл етініз, — деді. Шыңғыс қуанып кетті.

— Қадірлі билер, енді сөз жарыстырып үшықтыра бергеніміз лайықсыз болар. Екі жақтың да тұтіні таныл-

ды. Далаға шығып, әскери ойындарды көрсек қайтер? — деп орнынан тұрды. Қонақтары да сонынан еріп, бәрі далаға шықты.

«Қауіпті кезде керегі болар» деп, Сібір губернаторы аға сұлтан Шыңғысқа қырық адам қарулы казак-орыс беріп койған еді. Олары әрі аға сұлтанды қорғаушы, әрі тырп еткізбейтін бақылаушы болатын. Әуелі солар ат үстіндегі ойындарын көрсетті.

Казак-орыстар әбден машиқтанып алған қулар екен. Шауып келе жатқан атқа қарғып мініп те кетеді, ағып келе жатқан аттың бауырынан өтіп те кетеді. Аттары қандай дағыланып алған! Шауып келе жатып кілт тоқтап, бәрі бір жағына қарай сұлап түседі. Тырп етпей жатып қалады. Қазак аттары мұндайда өзінен өзі есенгіреп, болмашыдан үркіп, әурелер еді.

Келесі жолы казак-орыстар қару-жарактарын түгел асынып, жарқылдастып шықты. Қылыш, мылтық, найзалар кезек-кезек айқасып, кезек-кезек сілтессе де, ешкімге дарыған жоқ. Бірақ шын айқаста бұларға қарсы тұру қын сияқты. Әсіресе күнге шағылышқан қылыштардың жарқылдастынан жаңың түршіккендей екен.

Шыңғыс Тілеуімбет биге ұмытпастай бір сабак бергендей, оның бетіне ара-тұра қарап қояды. Керазу қырсық би:

— Бұлар аттарын жатқызып-тұрғызып жүргенде, біз де қарап тұрмаспсыз! — деді.

Иә, Кенесары тобырының беті қисайған жағынан бұрылар емес! Бұл — далаңқы елдердің хан тұқымдарының, би-болыс, аксақалдарының беті. Елдің патша отаршылдығына занды қарсылығын пайдаланып, хандық құрмакшы! Олар енді ол бетінен қайтарыла алмасқа кеткен — «бәрібір, қайрылғанымен патша да жарылқамайды, елде жарылқамайды».

Казак-орыстар ойынан кейін «жамбы ату» басталды. Бұл ойындардың екеуі де Тілеуімбет бидің келуіне көрсетілген құрмет ретінде әдейі өзірленіп еді. Екі биік қарағай бағанға көлденен салынған арқалыққа салбыратып ілген бірнеше жамбы жарқырайды. Екеуі тай тұяғындағы бақыр. Екеуі бір теңгелік күміс, екеуі бармақ тырнағындағы ғана алтын жамбы.

Майор бәсекелі атыстын шарттарын түсіндірді: тай тұяғындағы бақыр жамбыны атып түсірген мергенге — тұлкі